

# Желтоқсанды жүрегінде сақтаған



Желтоқсанның желі, аязы, ызағары,  
Қанды мұзда талай қазақ сыздым.  
Ұлт қамы үшін шағрқан сол  
күн алаңға,  
Азап шекті қайсар қазақ қыздары.

Желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата — бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл оқиға дүниені дүр сілкіндірді. Желтоқсан көтерілісіне қазақ елінің аузында жүрген, тарихта аты қалған Қ.Рысқұлбеков, Д. Асанова, С. Мұхаметжанова, Е. Сыпатаев апаларымыз бен ағаларымыз қатысты. Осыған орай қаламыздағы Шоқан Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінде, мұражай жетекшісі Сәуле Қапсұлғанқызының ұйымдастыруымен онлайн форматта «Желтоқсанды жүрегінде сақтаған» тақырыбындағы кездесу кеші өтті.

Кездесудің арнайы қонағы, 1986 жылы желтоқсан оқиғасының куәгері - «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері, «Желтоқсанның 30 жылдығы» медалімен марапатталған, облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының «Өнер» бөлімінің меңгерушісі, мектебіміздің 1979 жылғы түлегі Әлия Қарсақбайқызы Әубәкірова.

Іс шараға мектеп оқушылары мен сынып жетекшілері де қатысты. Кештің қонағы Әлия Қарсақбайқызына мектеп оқушылары өз сұрақтарын қойып, жауаптарын ала отырып, желтоқсанға арналған өлең жолдарын оқыды.

Кездесуді өткізе отырып біз оқушыларды 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының болу себептерін және тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін түсіну, Отан-ананы құрметтеу, тәуелсіздікті бағалай білуге, ұлтжанды, елжанды болуға, елінің тәуелсіздігі жолында күрескен ерлердің қаһармандығы мен ерліктерін әрдайым есте ұстауға, үлгі ете білуге үйрету, патриоттық сезімді қалыптастыру, ел мен жердің қадір-қасиетін ұғынуға тәрбиелеуді мақсат тұттық.

Кездесу соңында мектеп басшысы, әкімшілігі және ұстаздар қауымы мен мектеп оқушылары атынан құрметті қонаққа алғыс хат тапсырылды.

Әлия Қарсақбайқызы сияқты ұлтжанды азаматшалар көп бола берсін деп тілейміз, олардың бастан кешірген қиыншылықтары келмеске кетіп, болашағымыз жарқын, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

**Г. ҚОПАБАЕВА,  
Ш. НҮРБАЕВА,**

мектеп кітапханашылары.